

## Нормативтік техникалық құжаттардың ресми басылымдарын тарату және пайдаланушыларды олармен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 14 қыркүйектегі № 318 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 3 қазанда № 7952 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 11 сәуірдегі № 208 бұйрығымен

**Ескеरту. Күші жойылды – КР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 11.04.2019 № 208 (11.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1-тaraуы 7-бабының 8-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Нормативтік техникалық құжаттардың ресми басылымдарын тарату және пайдаланушыларды олармен қамтамасыз ету қағидалары бекітілсін.

2. "Стандарттарды және стандарттау, метрология, сертификаттау, аккредиттеу жөніндегі нормативтік құжаттарды, стандарттар каталогтары мен сілтемелерін шығару және пайдаланушыларды олармен және олар туралы ақпаратпен қамтамасыз ету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасы міндетін атқарушының 2005 жылғы 15 сәуірдегі № 107 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3598 тіркелді, "Заң газетінде" 2005 жылғы 7 қазандағы № 121-122 (746) жарияланды) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Р.А. Сәтбаев) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Индустрія және жаңа технологиялар вице-министрі Қ.А. Тулеушинге жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Ә. Исекешев

Қазақстан Республикасы  
Индустрія және жаңа  
технологиялар министрінің  
2012 жылғы 14 қыркүйектегі  
№ 318 бұйрығымен  
бекітілді

## **Нормативтік техникалық құжаттардың ресми басылымдарын тарату және пайдаланушыларды олармен қамтамасыз ету қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Нормативтік техникалық құжаттардың ресми басылымдарын тарату және пайдаланушыларды қамтамасыз ету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 8-1) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар нормативтік техникалық құжаттардың ресми басылымдарын тарату және пайдаланушыларды олармен қамтамасыз ету тәртібін айқындайды.

3. Техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) пайдаланушыларға нормативтік техникалық құжаттар туралы толық, анық және өзектендірілген ақпаратты ұсынады.

### **2. Нормативтік техникалық қағидаларын ресми басылымдарын тарату және пайдаланушыларды олармен қамтамасыз ету тәртібі**

4. Мемлекеттік органдар нормативтік техникалық құжаттарды, сондай-ақ олар туралы ақпаратты ақысыз негізінде ұсынуға арналған сұрауларды қажетті негіздемемен бірге уәкілетті органға жібереді.

Мұдделі жеке және занды тұлғалар сұрауларды, сондай-ақ шарттық негізіндегі және нормативтік техникалық құжаттарды, олар туралы ақпаратты ұсынуға арналған абонементтік қызмет көрсету бойынша сұрауларды уәкілетті органға жібереді.

5. Сұрауларда нормативтік техникалық құжаттардың қажет етілетін мәліметтерінің құрамын (нормативтік техникалық құжаттардың атауы мен белгіленуі, қажетті даналар саны, орындаушының аты-жөні, телефон нөмірі, фактың нөмірі, ұйым туралы мәліметтер) бір мәнді анықтауға мүмкіндік беретін ақпараттарды, сондай-ақ Қағидалардың 9-тармағына сәйкес құжаттарды ұсыну тәсілін қамтиды.

6. Сұрау құжаттамамен қамтамасыз ету қызметіне келіп түскен күні онда тіркеледі және уәкілетті орган басшысына қарауға беріледі.

7. Уәкілетті орган басшысы сұрау бойынша нормативтік техникалық құжатты, сондай-ақ олар туралы ақпаратты ұсынуға жауапты орындаушыны (бұдан әрі – орындаушы) айқындайды.

8. Орындаушы нормативтік техникалық құжатты, сондай-ақ олар туралы ақпаратты дайындайды және оны өтінім берушіге жібереді.

9. Нормативтік техникалық құжаттар және олар туралы ақпарат қағаз тасығышта немесе электрондық түрде ұсынылады және мыналар арқылы жеткізіледі:

- 1) поча байланысы;
- 2) курьерлік жеткізу;
- 3) электрондық почта;
- 4) факсимильды байланыс.

10. Сұрауға сәйкес нормативтік техникалық құжатты ұсынудан бас тарту, егер сұрау бойынша сұралып отырған нормативтік техникалық құжаттардың құрамын бір мәнді анықтауға мүмкін болмаса ресімделеді.

11. Егер сұрау сұралып отырған нормативтік техникалық құжаттардың құрамын бір мәнді анықтауға мүмкіндік бермесе, орындаушы қажет етілетін мәліметтерді телефон арқылы анықтайды. Осы мәселені телефон арқылы шешу мүмкін болмаса, уәкілетті орган бас тарту себебін көрсете отырып, жазбаша жауап береді.

12. Нормативтік техникалық құжаттардың болуы және мерзімі туралы, нормативтік техникалық құжаттарға енгізілген өзгерістер (өзектендіру), түзетулер, ауыстыру және күшін жою туралы, нормативтік техникалық құжаттардың әзірлеушілері туралы және оларды бекіту туралы ақпарат, нормативтік техникалық құжаттар туралы библиографиялық ақпарат уәкілетті органның ресми баспаларында және жалпы пайдаланылатын ақпараттық жүйелерінде ([www.memst.kz](http://www.memst.kz)) жария етіледі.

13. Нормативтік техникалық құжаттардың ресми басылымдарын мемлекеттік органдарға, заңды және жеке тұлғаларға қағаз тасығышта ұсыну сұрау алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күні ішінде жүзеге асырылады.

14. Нормативтік техникалық құжаттардың электронды түріндегі нұсқасымен қамтамасыз ету сұрау алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

15. Қағидалардың 11-тармағында көзделген жағдайда, орындаушы 3 (үш) жұмыс күні ішінде бас тарту себебін көрсете отырып, жазбаша жауап дайындайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК